



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ДАМЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Кажбулова Гульжанат Саимовна,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Султанова Сабира Шаймерденовна,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ибраева Рсалды Кабилмажитовна,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Қостанай қаласы әкімдігінің білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 29 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада, Қазақстан Республикасының білім беру саласында оқушылардың, яғни жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінде құндылық бағдарды қалыптастыруға, инновациялық технологияларды меңгеруге назар аударылады. Себебі, қарқынды дамып жатқан қоғамда медиабілім беру үрдісінде жасөспірімдердің құндылық бағдарларын дамыту өзекті мәселе деп санадық.

Түйінді сөздер: білім, медиабілім, құндылық, тәрбие, инновациялық технология.

Аннотация

В статье уделяется внимание формированию ценностных ориентаций в образовании, воспитании учащихся, подростков, освоению инновационных технологий в сфере образования Республики Казахстан. Потому что в динамично развивающемся обществе мы считали актуальным вопрос развития ценностных ориентаций подростка в процессе медиаобразования.

Ключевые слова: образование, медиаобразование, ценность, воспитание, инновационные технологии.

Abstract

The article focuses on the formation of value orientations in the education and upbringing of students, i.e. teenagers, in the field of education of the Republic of Kazakhstan, the development of innovative technologies. We believe that in a dynamically developing society, the development of value orientations of adolescents in the process of media education is an urgent problem.

Keywords: education, media education, value, education, innovative technologies.

Қазақстан Республикасының білім беру саласында тәрбиеге баса назар аударылып келешек адамдарды трансформациялау мақсатында еліміздің саясаты жүзеге асырылып отыр. Оқушылардың бойына құндылықтар жүйесінің басым тұстарын мектеп оқушыларының санасына тікелей әсер етіп, оларды болашақ елін сүйетін патриот етіп тәрбиелеу негізгі мақсат болып отыр. Жасөспірімдерді еңбексүйгіш, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сыйлайтын жаңа ұрпақты тәрбиелеу қазіргі кезде негізгі мақсат. Білім беру мен тәрбиелеудің түп қазығы ол жалпыға бірдей «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сонымен қатар оқу және тәрбие үрдістерінің өзара бірігуі негізінде білім беру үрдісінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған болып отыр.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері ол еліміздегі білім саласының қай бағытта дамитынын анықтайтын күрделі жүйе. Тәрбие жүйесі қазіргі қарқынды дамыған қоғамда қоршаған ортаның әсері зор. Жасөспірімдер бұл мәселеге тұтынушылық көзқараспен қарайды. Технология дамыған заманда, адамгершілік құндылықтар бәсеңдеп жасөспірімдер жаһандық медианың арбауына түседі. Осы мәселеге байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуына, рухани әл - ауқатының артуына кепіл болатын басты құндылықтар рухани - адамгершілік құндылықтар, туған тілі, жері, ұлттық мәдениеттің маңыздылығы маңызды рөл атқарады [1, 286].

Медиабілім беру өскелең ұрпақтың санасына тікелей әсер етуге бағатталған ең басты құрал болып табылады. Сондықтан Медиабілім беру үрдісінде жасөспірімдердің құндылық бағдарларын қалыптастырып қана қоймай, оны әрі қарай дамыту өте маңызды. Қазақ ұлтының ұлттық санасын ескермей, ұлттық құндылықтардың басынан жырақтау, ол жалпы адамның моральдық тұрғыдан азуына әкеп соқтырады.

Сондықтан оларды жасөспірім шақта ұлттық құндылықтарды сіңіріп тәрбиелесе оларға рухани азық беріп, құндылық бағдарларын дамытуға тікелей әсер етсе ол оңды іс болады деп ойлаймыз. Жасөспірімдерді қоғам ағымымен күнделікті ағып жатқан медианың арбауына қалдыру ол осыны

аздырып, құлдырауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Жаһандық тәрбие жұмысының мазмұнына көз жүгіртсек, еліміздегі тәрбие жүйесіне зерттеу талдау әлемдегі озық тәжірибелі, қарқындыдамыған қоғаммен сәйкес құруды талап етіп отыр. Осыған байланысты тек жалпыәлемдік қоғамның дамуын ғана емес өзіміздің ұлттық құндылықтармызды, мақсатымыз қазақ халқына тән дәстүрлер, тіл, діл, ғұрып ерекшеліктерін енгізу маңыздылығының көрсетіп отырғандай. Медианың көмегімен жасөспірімдерді туған өлкесін, елін, халқын сүйе оны құрметтеп, отбасын сыйлауға құндылықтарды бағалауға, құрметтеуге, үлкендерді сыйлауға, уақытты босқа өткізбеуге, ұстаздарын сыйлауға кішіпейл болуға, бауырмал болуға, ашық болып, тез тіл табысуға тәрбиелеу медианы тиімді қолдану арқасында тезірек жүзеге асырылатын үрдіс болады. Жасөспірімдердің құндылық бағдарларын дамыту мақсатында медиаресурстар маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Қазақстан жолы -2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында көпұлтты қазақ халқын біріктіретін ортақ отанымыздың тарихы, ғұрпы, адамгершілік жалпыұлттық құндылықтары. Жолдауда көрсетілген құндылықтар: Қазақстанның тәуелсіздігі, астанасы, ұлтымыздың бірегейлігі, бейбітшілігі мен татулығы, зайырлы қоғамы мен жоғары руханиятын атап өтуге болады. Қарқынды дамып жатқан қоғамда медиабілім беру үрдісінде жасөспірімдердің құндылық бағдарларын дамыту өзекті мәселе деп санадық. Жасөспірімдердің бойындағы құндылық бағдарларын дамытып, саналарына патриот адам, білімді тұлға, денсаулығы болаттай болашақ ұрпақ тәрбиелеу маңызы жоғары болып отыр. Қазіргі қазақстандық жастардың, әлеуметтік ортада сапалы білім алу уәжінің өсуі, жаңа кәсіптерді және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруге ұмтылысы, коммуникативтілік, мәдениетаралық қарым-қатынастың артуы бірқатар өзекті мәселелерді тудырды.

Бұл мәселені медиабілім берудегі әдістемелік инновациялардың негізі оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдану арқылы шешудің жолын табуға болады. Ол оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, жағдайларды талдауды және тиісті ақпаратты ескере отырып мәселелерді шешуге, балама пікірлер туралы ойлауға, шешім қабылдауға ықпал ететін өзара әрекеттесу, диалог қағидаттары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынастың жетекші әдісі - бұл эмоционалды күрделілік әдісі өзара сыйластық және қарым-қатынас субъектілерінің қадір-қасиетін сақтау. Ол үшін зерттеу жобаларын, рөлдік және іскерлік ойындарды, оқу «Миға шабуыл», құжаттарды және әртүрлі ақпарат көздерін қоса отырып, әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды қолдана отырып, топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастыру сияқты оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Оқытудың белсенді әдістері-бұл материалға шығармашылық көзқараспен қарайтын және әр оқушының жеке басын ашуға, материалды жақсы игеруге, пәнге деген қызығушылықты қалыптастыруға, әр оқушы үшін ыңғайлы оқу ортасын құруға қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін барлық іс-шаралар [2, 556].

Интерактивті әдістер монологиялық оқыту жүйесінен диалогқа өтуге мүмкіндік береді, мұнда оқушылар тек пікірлер, фактілер мен құбылыстарды бағалау арқылы еркін алмасып қана қоймайды, сонымен бірге белгілі бір көзқарасты қорғап, мұғаліммен дауласуға құқылы. Мұғалім дайын шындықты айтпайды, оның міндеті - іздеу мен талқылауды ұйымдастыру. Интерактивті әдістер оқушылар бір-бірін үйрете отырып, достық, төзімділік, қауіпсіздік, қолдау, өзара түсіністік атмосферасын жасайды деп болжайды. Алайда, бұл әр сабақта педагогикалық әдістемелерді қолдана отырып, арнайы психологиялық жаттығуларды міндетті түрде енгізуді талап етеді:

- ұжымдық ойлау формаларын анықтауға және іске асыруға, жеке тұлғаның белсенділік дәрежесін және оның ұжыммен өзара әрекеттесу тәсілдерін анықтауға бағытталған ойындар;
- өз шығармашылығын қабылдау мен нәтижелеріне қатысты рефлексия механизмін әзірлеу;
- дәстүрлі пәндерде жиі ескерілмейтін шешендік өнердің негіздерін құрайтын өте маңызды әдістерді дамыту: сөйлеу логикасы, дикция, өз пікірін көп өлшемді ынталандыру және т.б.;
- актерлік шеберлік негіздері (орындаушылық өнер, техника мимика мен ым-ишарат, пластикалық мәнерлілік);
- этикет ережелерін сақтау және т.б.

Бұл жағдайда жеке тұлғаның қалыптасуы өзара түсіністік белгісімен және диалогтың ұстанымымен, бұқаралық ақпараттың диалогтық сипатын және тәрбие тетіктерінің тиімділігін қамтамасыз ететін «Адам және бұқаралық коммуникация» жаһандық диалогындағы жеке тұлғаның, субъектінің рөлін анықтаумен байланысты.

Медиамадениет арқылы құндылық бағдарларын дамыту әдістемесін игеру үшін келесі шарттарды ескеру қажет:

- шағын шығармашылық топтарда айналысу үшін қолайлы психологиялық ахуал мен ішкі уәждер жүйесін ұйымдастыру;
- эмоционалды шиеленісті тудыратын іс-әрекеттің эмоционалды толықтығы, бәсекеге қабілеттілік, бәсекелестік;
- оқушылардың жалпы дамуын диагностикалау, тәрбие үрдісінің барысы және оның нәтижелері; оқушылардың оқу-тәрбие қызметін басқару (аудиовизуалды өнер саласындағы өз бетінше шығармашылыққа практикалық бағдарлау аспектісін қоса алғанда);

- оқыту нәтижелерінің өзін-өзі талдауы (рефлексия-оқушылар үшін де, мұғалімнің өзі үшін де).

Сонымен, медиамадениет арқылы құндылық бағдарларын дамытуда келесі әдістерді қолдануға болады: ауызша-эвристикалық әдістер, жаттығулар, коллаждар, «Шығармашылық зертханалар», пікірталастар, ми шабуылы, кейс-технологиялар, ойындар (рөлдік, іскерлік), мәселелік жағдайларды талдау, рефлексия.

Құндылық бағдарларын дамытуда ауызша-эвристикалық әдістер маңызды орын алады. Бейнелілік пен баяндаудың дәйектілігін талап ететін әңгіме элементтері бар дәріс сияқты әдіс пайдаланылады. Оның тиімділігі қысқа уақыт ішінде ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қиял мен эмоционалды тәжірибені жандандыруға қол жеткізетіндігінде, оқушылардың оқу материалына деген қызығушылығы қалыптасады. Дәріс барысында қолданылатын эвристикалық әңгіменің арқасында оқушылар жаңа ұғымдарды игеріп, білімнің эвристикалық әдісін белсенді қолдана отырып, тәуелсіз логикалық ойлау арқылы білім алады. Мысалы, «Патриот болу нені білдіреді? «тақырыбындағы сабақ барысында оқушыларға келесі сұрақтарға жауап беру кезінде оқушыларға арнайы дайындаған бейнематериал көрсетіліп, (Патриот мәнін ашатын Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын ұсынуға болады). Мысалы қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды пайдалану, аталған медиамадениетті талдау арқылы, бейнематериалды көру арқылы медиаөнімдерді сыни тұрғыдан түсіну дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Жаттығу әдісін қолдану оқушыларда мәтінді талдау дағдыларын дамыту және қарым - қатынас дағдыларын дамыту негізінде құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, он минуттық «Қарттарым – асыл қазынам» - атты сынып сағатына әр оқушы өзінің ата - әжелеріне арналған құттықтау бейнероликтерін дайындау, оның ішінде ақпаратты іріктеу, сұхбаттасу, мәтіндер құру, материалды электронды тасымалдағышқа жазу сияқты қабілеттер қалыптасады.

Коллаж-бұл түрлі-түсті материалдардың кез-келген негізіне жабысуды қамтитын бейнелеу өнеріндегі әдіс. Бұл форманы қолданғысы келетіндер сабаққа жеткілікті суреттер, киізден жасалған қаламдар, желім, қайшы, плакаттар дайындауы керек. Сынып жарияланған тақырып бойынша коллаж жасау тапсырмасын алатын жұмыс топтарына бөлінеді. Мысалы сынып сағаттарында - «Ұстаз ұлағаты сөз» және «Менің бақытты отбасым» тақырыптарын алуға болады.

Топтарда жұмыс істей отырып, оқушылар ойлауға, сұрақтар қоюға, өз қорытындыларын жасауға, әртүрлі ақпаратты сын тұрғысынан қабылдауға, мәселенің шешімін өз бетінше іздеуге, ауызша сөйлеу дағдысын алуға, өз жұмысы мен сыныптастарының жұмысын бағалау білігін дамытуға үйренеді. Жұмыс топтары ұстаздар жайлы отбасы туралы деректі фильмдер желісінде коллаж жасағаннан кейін, топ өз жұмысын көпшілік алдында қорғайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды. «Шығармашылық зертхана» әдісі оқушыларға медиамадениетті талдаудың бұрын алған біліктері мен дағдыларын жүйелеуге және бекітуге көмектесетін шығармашылық оқыту олардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға қызығушылығын және шығармашылық күштерді белсенді жұмылдыруды ынталандырады. Практикалық жұмыс және өзінің баспа материалдарын жасау оқушыларға ақпараттық қоғамның гуманистік құндылықтарын берік игеруді қамтамасыз ете алады.

Мұндай шығармашылық ортаның моделін құрудың тәрбиелік мәні оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға; олардың дербестігі мен ұжымдық жұмыстың барысы мен нәтижесі үшін жауапкершілігін дамытуға; қиындықтарды жеңу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, адалдық, еңбекқорлық, табандылық, тәртіптілік және жауапкершілік сияқты қасиеттер тәрбиеленеді.

«Шығармашылық зертханада» модельдендірілген шығармашылық оқыту мен тәрбиелеу ортасына кірудің нәтижесі міндетті түрде мектептің баспа басылымы болуы керек. Бұл оқушылардың оқудағы жетістікке бағдарлануына ықпал етеді және өз жұмысының нәтижелеріне моральдық қанағаттануына себеп болады. «Шығармашылық зертханада» оқушылардың құндылық бағдарларын белсенді қалыптастыру газет үшін медиамадениеттер (мақалалар және т.б.) жасау бойынша өзіндік жұмыс барысында жүзеге асыруға болады. Өзіндік практикалық жұмыс оқушыларға фактілерді алуға және таңдауға, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, өзіндік жалпылама және қорытынды жасауға, түсініктеме беруге, бұрын алынған ақпаратты пайдалануға және ұсынуға, өз ойларын жазбаша тұжырымдауға, қарым-қатынас жасауға, ойлауға және логикалық әрекет етуге үйретуге, есте сақтау қабілеті мен байқағыштығын үйретуге мүмкіндік береді. Бұл әдістің артықшылығы-бұл білім беру үрдісін тиімді және қызықты етуге мүмкіндік береді; олардың белсенді әрекетке деген ұмтылысын ескеру, мұғалімге әр оқушыға жеке-жеке жақындауға және әртүрлі білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта «Ұстаздар күні» мерекесіне орайластырылғансынып сағатта оқушылар инстаграм желісіндегі сыныптың парақшасына өз ұстаздарына арнап құттықтау мәтінін жариялауға болады.

«Ми шабуылы» сияқты дидактикалық әдіс сонымен қатар мектептерде көп көңіл бөлу керек пікірталастың кең таралған түрі болып табылады.

Миға шабуыл жасау үшін әдетте екі топ құрылады: мәселені шешудің жаңа нұсқаларын ұсынатын қатысушылар; ұсынылған шешімдерді өңдейтін комиссия мүшелері. Барлық идеяларды жетекші жазады. Содан кейін, барлық идеялар айтылған кезде, оларды талдау, дамыту және таңдау жасалады. Бастапқыда шешімдер, әдетте, ерекше емес, бірақ біраз уақыттан кейін шаблондық шешімдер

таусылып, ерекше идеялар пайда бола бастайды. Нәтижесінде мәселенің ең тиімді және жиі тривиальды емес шешімі болады.

«Ми шабуылының» сәттілігі көбінесе психологиялық атмосфера мен талқылау белсенділігіне байланысты, сондықтан жүргізушінің рөлі өте маңызды. Ол «тығырықтан шығарып», үрдіске жаңа күш бере алады.

«Ми шабуылын» жүргізу, айтылған идеялардың жедел жазбаларын жүзеге асыру, сондай-ақ оларды кейіннен іріктеу және топтау үшін компьютерді пайдалануға болады. Қабылданған шешімдердің ең көрнекі бейнесін жад карталарын қолдана отырып алуға болады, бұл жалпы жүйелік ойлау үрдісін диаграммаларды қолдана отырып бейнелеу әдісін білдіреді. Балама жазудың ыңғайлы әдісі ретінде де қарастыруға болады.

Осылайша, біз тәрбие жұмысының мақсатына және нақты педагогикалық жағдайға байланысты зияткерлік іс-әрекет әдісін қолдану принципін байқаймыз.

Құндылық бағдарларын қалыптастыру әдістері мәселелік жағдайларды талдауды қамтиды. Бұл әдістің мәні-тұлғааралық қарым-қатынаста белгілі бір жағдайларда туындауы мүмкін мәселені зерттеу, оны түсіну және қалыптасқан жағдайда шешім қабылдау. Мәселелік жағдайларды талдау әдісі оның себептері мен шешу жолдарын анықтау үшін нақты немесе арнайы жасалған жағдайды егжей-тегжейлі зерттеуді қамтиды. Бұл оқушылардың аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға, дұрыс және қате шешімдерді ажырата білуге, ұжымдық шешімдерді табуға және қақтығыстарды зорлық-зомбылықсыз жоюға үйретуге, оларға толеранттылық пен басқа адамдарға мейірімділік танытуға мүмкіндік береді. Мәселелік жағдайларды талдау әдісін қолданудың үлкен мүмкіндіктері экрандағы медиамәтіндерді, мысалы, қоғамға қарсы мінез-құлқты (қылмыс, зорлық-зомбылық, өтірік) анық көрсететін «Томирис», «Жау жүрек мың бала», «Менің атым Қожа» фильмдерін көргеннен кейін бірқатар сұрақтарды көруге болады: «Кейіпкерлердің бұл әрекеттерді қалай жасайтынын байқаңыз. Бұл кейіпкерлерді моральдық даму деңгейіне қарай жіктеуге тырысыңыз. Жалпы медиа мәтін туралы ойланыңыз және авторлар мен өндірушілердің ниеттерін анықтауға тырысыңыз. Аудиторияның моральдық деңгейі қандай? Егер сіз осы медиамәтінді жасасаңыз және медиақабылдаудың жоғары деңгейі бар көпшілікке назар аударғыңыз келсе, сценарийде нені өзгертесіз?» [3, 106].

Интроспекция әдісімен және өзін-өзі бағалау әдісімен тығыз байланысты рефлексия әдісі. Тар мағынада рефлексия дегеніміз-адамның өз әрекеттері мен жағдайларын талдауы. Рефлексия өзінің кемшіліктерін түсінуге көмектеседі, жағдайды түзетуге, өзіне, мінезіне, мінез-құлқына және т.б. өзгертуге деген ұмтылысты ынталандырады. Сонымен, жасалған талқылау және бағалау кезінде іс-әрекетін үнемі көрсету қажет. Сабақтың өзі мұғалімге Рефлексия мысалы - «Менің әсерім. Бұл елге бару маған не берді» (әсерлерімен бөліседі, өз сезімдері туралы, қандай жаңалықтар ашқандығы, білгендері туралы айтады).

Сонымен, қазақ тілі мен әдебиет, математика сабақтарында инновациялық әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, медиаресурстарды білім беру үрдісінде қолдану арқылы оқушылардың құндылық бағдарларын, сын тұрғысынан ойлауын дамытуға болады. Оқушылардың медиамәдениет саласындағы білімі олардың диалогтық қарым-қатынас тәжірибесін байытып, гуманистік құндылық бағдарларын дамытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Б.Бөрібекова Н.Ж.Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014. – 360 б.
2. Қ.Ж. Бұзаубақова. «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. Жазушы 2006, - 258 б.
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. - //Қазақстан мектебі, №4, 2006.

УДК 378.4

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИРТУАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ В ОБУЧЕНИИ

Казез Думан Максұтұлы,
магистрант 1 курса

ОП М701101- Педагогика и психология
Костанайский региональный университет
им. А. Байтурсынова
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы оларды қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, оның ішінде білім беруге белсенді енгізуді көздейді. Осыған байланысты, педагог қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оқытуда заманауи цифрлық технологияларды пайдалану болып табылады.